

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 334 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар, N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 жылғы 24 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 26 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 жылғы 28 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 31 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы" 2006 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 жылғы 15 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 жылғы 10 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 11 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 35-баптың екінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "кеден шекарасы" деген сөздер "Мемлекеттік және кеден шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 302-баптың екінші бөлігіндегі "аумағына" деген сөзден кейін "немесе континенттік қайраңына" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 304-баптың бірінші бөлігіндегі "әкеп соғуы мүмкін" деген сөздерден кейін "халықаралық шарттарда көзделген" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 306-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі "қайраңындағы" деген сөзден кейін ", аумақтық суларындағы (теңізіндегі) және ішкі суларындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 389-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "ескертуге немесе айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады";

6) 390 - бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"390-бап. Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларының режимін бұзу";

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "аумақтық" деген сөзден кейін "суларында (теңізінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"аумақтық" деген сөзден кейін "суларында (теңізінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"рұқсатынсыз" деген сөзден кейін "не бекітілген тәртіпті бұза отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 575 - бапта:

бірінші бөліктегі ", 396 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

екінші абзацтағы "аймақтық басқармалардың," деген сөздер "арнайы" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "беске" деген сөз "онға" деген сөзбен ауыстырылсын; төртінші абзац алып тасталсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасында:
үшінші абзацтағы "аймақтық басқармалардың," деген сөздер "арнайы" деген
сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;
8) 619 - бапта :

4) тармақшаның бірінші бөлігіндегі "кеден режимі", "кеден шекарасы" деген сөздер
тиісінше "шекара және кеден режимдері", "Мемлекеттік және кеден шекарасы" деген
сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "қайраңында" деген сөзден кейін ", аумақтық суларында (теңізінде)
және ішкі суларында" деген сөздермен толықтырылсын;
9) 620 - бапта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мемлекеттік шекара режимін, шекара режимін, Мемлекеттік шекара арқылы
өткізу бекеттеріндегі режимді бұзған, Мемлекеттік шекара арқылы заңсыз алып өткен,
континенттік қайраңның, аумақтық сулар (теңіз) мен ішкі сулардың минералдық және
жанды ресурстарын заңсыз берген, әскери қызметшінің Мемлекеттік шекараны күзету
жөніндегі міндеттерін атқаруына байланысты оның заңды өкіміне немесе талабына
бағынбаған жағдайда - шекара қызметінің органдары;"

10) тармақша "қайраңында" және "қайраңын" деген сөздерден кейін тиісінше "
аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында" және "аумақтық суларын (
теңізін) және ішкі суларын" деген сөздермен толықтырылсын;
10) 622 - бапта :
екінші бөлікте :

"кеден режимін" және "кеден шекарасы" деген сөздер "шекара және кеден режимін"
және "Мемлекеттік және кеден шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қайраңдарындағы" деген сөзден кейін ", аумақтық суларындағы (теңізіндегі) және
ішкі суларындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы отыз сегізінші абзац "306 (
екінші бөлігі)" деген сөздерден кейін "355, 388" деген сандармен толықтырылсын;

12) 730-баптың 1) тармақшасы "391-баптың екінші бөлігінде" деген сөздерден кейін
"және 391-1-баптың үшінші бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (
Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N
9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 жылғы 15 ақпанда "Егемен Қазақстан" және
2006 жылғы 14 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан
Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

З а ң ы) :

120-баптың 1-тармағындағы "басқа да әскерлердің" деген сөздер "басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 жылғы 15 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

З а ң ы) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 46-1) тармақшамен толықтырылсын:

"46-1) аумақтық сулар (теңіз) - Қазақстан Республикасына тиесілі құрлықта да, аралдарда да судың көп қайтатын жиегіндегі түзу сызықтан немесе халықаралық шарттарға сәйкес айқындалатын тиісті географиялық нүктелерді қосатын бастапқы түзу сызықтан бастап есептелетін ені он екі теңіз милі болатын Қазақстан Республикасының иелігіндегі жағалау бойындағы теңіз сулары;"

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) аумақтық суларда (теңізде) жүзудің және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстар өндірісінің тәртібін белгілейді;"

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат ; 2004 ж., N 23, 142 - құ ж а т) :

1) 1-баптың екінші бөлігіндегі "белгіленеді" деген сөзден кейін "және өзгертіледі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-баптың үшінші және бесінші абзацтары алып тасталсын;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мемлекеттік органдардың өз өкілеттіліктері шегінде саяси, әскери, шұғыл-іздестіру, дипломатиялық , кедендік, экономикалық, экологиялық және өзге де шараларды қабылдау жөніндегі келісілген әрекеттері болып табылады.

2. Мемлекеттік шекараны қорғаудың құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету ұлттық мүдделерді іске асыруға кедергі келтіретін немесе оларға Мемлекеттік шекарада қауіп тудыратын процестер мен факторларды табу және олардың алдын алу жөніндегі тұрақты сипаттағы

құқықтық, ұйымдық, әскери, шұғыл-іздігіру, кедендік, техникалық, ақпараттық шараларды жүзеге асыру болып табылады.

3. Мемлекеттік шекараны қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіліктер шегінде мемлекеттік органдарға жүктеледі. Қазақстан Республикасының құрғақтағы, теңіздегі, көлдердегі, өзендердегі және өзге де су қоймаларындағы, сондай-ақ континенттік қайраңдағы Мемлекеттік шекарасын күзету Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі, ол мемлекеттік шекара режимі туралы халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының шекара мәселелері жөніндегі заңдарын барлық жеке және заңды, оның ішінде шетелдік тұлғалардың сақтауын шекара кеңістігінде бақылау жолымен жүзеге асырылады. Әуе кеңістігіндегі Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне жүктеледі.

4. Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өз құқықтары шеңберінде мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтар қатыса алады.";

4) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Қазақстан Республикасының шекара кеңістігі және оны бақылау

1. Қазақстан Республикасының шекара кеңістігі - бұл Мемлекеттік шекара сызығынан шекара аймағының немесе шекара өңірінің ішкі шегіне дейінгі, ал ол белгіленбеген жерде әкімшілік-аумақтық бірліктің сыртқы шегіне дейінгі Мемлекеттік шекара сызығы мен жер өңірі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, аумақтық сулары (теңізі), ішкі сулары, континенттік қайраңы және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің аумақтары.

2. Шекара кеңістігіндегі бақылау - Мемлекеттік шекараны бұзу белгілерін және шекара кеңістігіндегі белгіленген ережелерді бұзушыларды анықтау жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесі.

3. Шекара кеңістігіндегі бақылауды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасының заң актілерімен уәкілеттік берілген өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.";

5) 5-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлемі алып тасталсын;

6) 6-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

7) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының тәртібін айқындау

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі - бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту, қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер мен әскери кемелердің шекаралас өзендер және басқа да су қоймаларының қазақстандық бөлігінде жүзу және тұру, олардың Қазақстан

Республикасының ішкі суларына кіру және тұру, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұстау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында түрлі жұмыстарды, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті жүргізу тәртібі. Мемлекеттік шекара тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және халықаралық шарттармен айқындалады.";

8) 9-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

9) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі шекаралық бақылау

Шекаралық бақылау мынадай жолмен жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) кіру (шығу) құқығына заңды негіздемелерін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту құқығына арналған құжаттарды т е к с е р у ;

көлік құралдары мен жүктерді тексеру;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери, тәртіптік, жедел және ә к і м ш і л і к і с - қ и м ы л . " .

1 0) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "Үкіметі" деген сөз "заңдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Өткізу пунктіне келген және шекара арқылы өту үшін негіздемелері жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасына кіру кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілмейді және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өзі келген елге немесе азаматтығын алған е л г е к е р і қ а й т а р ы л а д ы .

Қазақстан Республикасынан кететін адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін құжаттары болған жағдайда шекара а р қ ы л ы ө т к і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне келген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға мынадай жағдайларда шекараны к е с і п ө т у г е р ұ қ с а т е т і л м е й д і :

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін құ ж а т т а р д ы ң б о л м а у ы ;

егер бұған дейін азаматқа қатысты Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік шығару шаралары қолданылған болса;

осы тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының құзыретті органдарынан тиісті шектеулердің болуы." ;

11) 13-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

12) 15-баптың үшінші абзацындағы "құралдарға" деген сөз "көлік құралдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 18-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер алып тасталсын ;

14) 20-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен құрғақтағы, шекаралық өзендердегі және өзге де су қоймаларындағы мемлекеттік шекараға жақын жерде мынадай шараларды өткізудің орны, уақыты, қатысушылардың саны келісіледі, ол бұларды жүргізудің хабарлау тәртібін белгілейді:";

15) 22 - бапта :

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер алып тасталсын ;

екінші бөлік алып тасталсын ;

16) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мен күзетуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлейді және іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мен күзетуді қамтамасыз ету саласында орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін басқарады ;

3) негізгі геодезиялық деректерді көрсете отырып, аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шегін айқындау үшін географиялық нүктелердің тізбесін бекітеді;

4) халықаралық шарттарға сәйкес шекара белгілерінің нысаны мен мөлшерін, олардың сипаттамасын және орнату тәртібін айқындайды;

5) халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін, олардың ашылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібін бекітеді ;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде тәртіп орнатады, шекаралық, кедендік және басқа да бақылау түрлеріне жағдай жасау жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және басқа да қызметтің барлық түрін жүргізу тәртібін белгілейді ;

8) шекаралық аймақ пен шекаралық өңірді белгілейді;

9) шекаралық тәртіпті, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртіптерін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес карантиндік өңірді белгілейді және карантиндік тәртіп енгізеді;

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады.";

1 7) 2 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1 және 3-1-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Әділет органдары Қазақстан Республикасы азаматтарының ұрланған, жоғалған паспорттары бойынша дерекқор жасайды және олар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлайды.

3-1. Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы орган Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі бақылаушы органдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде жәрдем көрсетеді.";

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының азаматтарына," деген сөздер алып тасталсын;

18) 27-баптың екінші бөлігіндегі "Үкіметі" деген сөз "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 31-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "көлік құралдары тоқтау немесе бағытты өзгерту туралы талаптарды орындамаған жағдайда оларды зақымдау жолымен тоқтату үшін";

20) 35-бап алып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы " 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы; 1993 ж., N 1, 3-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы; 1996 ж., N 14, 275-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-баптың бірінші бөлігінде:

"егемендігі мен" деген сөздер "егемендігіне," деген сөзбен ауыстырылсын;

"тұтастығына қол сұғудың" деген сөздер "тұтастығы мен қол сұғылмаушылығына қарсы әрекет жасаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мынадай жағдайларды қоспағанда, Шекара қызметін басқа мақсатта пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы :

егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе;

Шекара қызметін қамтамасыз етудің жекелеген күштері мен құралдары Шекара қызметі директорының шешімі бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлардың зардаптарын жою үшін тартылуы мүмкін жағдайда.";

3) 8 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шекара кеңістігі шегінде Шекара қызметінің құқықтары мыналар:";

екінші бөлік мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"егер кемеде ту көтерілмесе, оған өз туын көтеруге ұсыныс жасау;
егер кеме жүзу үшін тыйым салынған ауданға жүргізілсе немесе жүзу режимін
басқаша бұзуға әкеп соқтыруы мүмкін болса, оған кемеңің бағытын өзгертуге ұсыныс
жасау.".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті